

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1221 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 мамырдағы N 692 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1221 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

"Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің бюджеттік бағдарламалары" деген 6-бөлімде:

"Экономиканың инфрақұрылымдық салаларының тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету жөніндегі табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу саласындағы қызметтер" деген бюджеттік бағдарламада:

"Орталық органның аппараты" деген кіші бөлімде:

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолдың "2009" деген бағанында "806,2" деген сандар "790,0" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігін материалдық-техникалық жарақтандыру" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолдың "2009" деген бағанында "39,1" деген сандар алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі бюджетінің жиынтығы" деген жолдағы "1334,7" деген сандар "1279,4" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*